Қожабергенова Гаухар Есенбаевнаның

6D012300- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындалған

«Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздері» атты диссертациясының

АНДАТПАСЫ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстандық қоғамдағы өмірдің әлеуметтік-экономикалық салаларындағы белсенді инновациялық процестердің аясында болып жатқан қазіргі білім беру жағдайлары инновациялық, дамып келе жатқан мектепте жұмыс істей алатын сапалы әр түрлі деңгейдегі мұғалімдерді даярлау мәселесін алға тартады.

ҚР Бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан–2050» Стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз үшін біз сапалы білімге ие, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз қажет», − деп атап көрсетті.[1] Сондай-ақ, білім беру саласында ғаламдық бәсекелестікке бейімделген кадрларды даярлауды дамыту қажеттігі де Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында да көрініс тапты [2]

Заманауи педагогикалық білім парадигмасы әлеуметтік педагогтарды жаңаша даярлауды анықтайды, ол − тек жаңа білімдерді, жаңа мақсаттар, жаңа құндылықтар мен тұлғалық мағынаны игеру ғана емес, сонымен қатар болашақ әлеуметтік педагогтың мәндік күшін, оның интеллектуалды және адамгершілік әлеуетін, әр түрлі әлеуметтік - мәдени жағдайларда еркін бағдарлану мүмкіндіктерін ашу, белгілі әлеуметтік-педагогикалық технологияларға қызмет етуімен қатар әлеуметтік-тәрбиелік үдерістерді де жүзеге асыру болып табылады.

Білім беру саласында мамандарды даярлау көпаспектілі зерттелген: атап айтқанда, педагог тұлғасын дамыту теориялары мен әдіснамалық жұмыстары: С.И.Архангельский [3], Н.В. Кузьмина [4], Ю.Н. Кулюткин [5], В.А. Сластенин еңбектерінде қарастырылса[6]; педагогикалық кадрларды кәсіби даярлау және оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған ізденістер: О.А. Абдуллина [7], Ю.К. Бабанский[8], В.П. Беспалько [9], А.П. Тряпицын [10]; тұлғаны әлеуметтендіру және педагогикалық білімді ізгілендіру мәселелері К.А. Абульханова-Славская [11], Ш.А. Амонашвили [12], Е.Н. Шиянов [13] және т.б.; білім беру мазмұны және әлеуметтік-педагогикалық зерттеу саласында Ю.В.Василькова[14], М.А. Галагузова [15], Л.В. Мардахаев [16], А.В. Мудрик [17] және т.б. ғылыми зерттеулер бар.

2010 жылдан бастап, Қазақстанның ұлттық университеттерінде «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша мамандар даярлау мәселесі қолға алынды. Бұл дайындық кезеңінде әлеуметтік-

педагогикалық қызметкерлердің түрлі санаттарын мақсатты қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүзеге асырылды. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша оқыту балалар мен жастардың толыққанды әлеуметтенуі мен жеке даму үдерісін ұйымдастыру; жалпы білім беретін және мамандандырылған білім беру ұйымдарында түзетуші-педагогикалық және тәрбиелік қызметті ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар зерделенді.

Қазақстанда педагогикалық кадрларды даярлау мәселесінің өзектілігі жан-жақты ғылыми талдау мен зерттеудің мәні болып табылды. Білім сапасын қамтамасыз ету барысын зерттеуде нәтижеге бағдарланған басқаруды зерттеуге байланысты Ғ.М. Мұтанов [18], Ш. М. Қаланова [19], Ы.А.Нәби [20], Г.С. Минажева [21] жұмыстарына қызығушылық туды.

Жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелері Г.К. Ахметова [22], А.Е. Әбілқасымова [23], Т.О. Балықбаев [24], К.К. Жампеисова [25], А.Қ. Құсайынов [26], Н.Д. Хмель [27], А.А. Молдажанова [28] т.б ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылды. Педагогикалық білім беруді басқарудың жекелеген аспектілерін зерттеу Н.А. Асанов [29], М.Н. Сарыбеков [30] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жүйеленді.

Сапаны бағалаудағы құзыреттілік тұғыр мен нәтижеге бағдарланған білім беру Ж.У. Кобдикова [31], К.С. Құдайбергенова [32], ал білім берудегі менеджменттің ерекшеліктері Н.С. Әлқожаева [33], Т.М. Баймолдаев [34], З.А. Исаева [35], Б.А.Қойшыбаев [36], З.М. Садвакасованың [37] зерттеу бағытындағы ізденістерінде қарастырылды.

Әлеуметтік педагогтарды даярлау ерекшеліктерін талдау барысы әлеуметтік-педагогикалық дайындық мазмұнын жобалау бойынша А.Б. Абибуллаева [38], Р.И. Бурганова [39], Г.Ж. Меңлібекова [40] және А.Н. Тесленко [41]; әлеуметтік педагогтарды даярлау тарихы мен тәжірибесі бойынша Ш.Т. Таубаева [42], И.Р. Халитова [43], А.Б. Айтбаева [44]; болашақ әлеуметтік педагогтарды әлеуметтену технологияларын меңгеру А.С. Мағауова [45]; әлеуметтік педагогтарды даярлаудағы орта тұғыры мен білім беру ортасының сапасы бойынша А.К. Мыңбаева [46], А.А. Булатбаева [47] жұмыстарында зерделенді.

Республикада әлеуметтік педагогтарды даярлаудың түрлі аспектілеріне арналған С. Асқарқызы [48], Д.Е. Ертарғынқызы [49], Г.К. Құрманаева [50], А.Ш. Маманова [51] және т.б. PhD докторлық диссертацияларды ерекше атап өткіміз келеді. Бұл ғылыми зерттеулерде оқу бағдарламалары мен жоспарларын талдау, дайындық мазмұнының мәселелері қарастырылған.

Зерттеу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау педагогикалық білім беруді арттырудың заманауи кезеңінде оқу-әдістемелік қамтамасыз ету − болашақ маманды даярлау сапасы идеяларын жүзеге асырудың шешуші факторы болып табылатындығын көрсетеді. Алайда, белгілі зерттеулердің болуына қарамастан, болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау мәселелерінде, нақтырақ айтқанда, оқыту

сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және оны ғылыми негіздеу ғалым-зерттеушілер назарынан тыс қалған.

Университеттік білім беру тәжірибесі туралы айтар болсақ, білім алушыларды оқу-әдістемелік қамтамасыз етумен оқу- әдістемелік бөлімі айналысады, ал оқу-әдістемелік материалдарды тікелей әзірлеу барысы кафедра мен оқытушылардың қызметі болып табылады. Сонымен қоса, Қазақстанда әлеуметтік педагогтарды даярлау жүйесі әлі даму кезеңінде және бұл мамандықтың білім бағдарламалары халықаралық аккредитациядан өтуде. Бүгінгі таңда Қазақстанда «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша маман даярлау бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде жүзеге асырылуда. Оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету әртүрлі білім беру бағдарламаларына сәйкес, студенттердің іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтиды. Сонымен, оқу сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жұмысын ғылыми негізге сүйене отырып жүзеге асыру, әзірленген оқу-әдістемелік құжаттаманың сапасын бағалаудың нақты өлшемдері мен тетіктерін құрастыру қажеттіліктері байқалады.

Осыған орай, біз белгілеген келесідей **қарама - қайшылықтарды** бөліп көрсетеміз:

– жоғары әлеуметтік - педагогикалық білімнің даму тенденциясына сәйкес келетін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің қажеттігі мен оны жобалау үшін ғылыми негіздемесінің жеткіліксіздігі арасында;

– әлеуметтік-педагогикалық білім берудің жаңа мазмұнын айқындайтын педагогикалық пәндердің пайда болуы және оның оқу-әдістемелік жабдықталуы мен басқа оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді талап етуі арасында;

– студенттің білім алудағы жетістіктері және оқытушы іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету өлшемдері арқылы жобалаудың қажеттігі мен оның ғылыми-әдістемелік негіздемесінің жеткіліксіздігі.

Аталған қарама-қайшылықтар, педагогикалық үдерістегі және мамандардың кәсіби қабілеттерін дамытудағы жаңа тенденцияларға сәйкес болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негізделген жүйесін құрастыруда зерттеудің мәселесін айқындады және бізге диссертациялық жұмыстың тақырыбын «**Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздері**» деп таңдауға негіз болды.

Зерттеу нысаны: университеттік білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогтарды оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Зерттеу мақсаты: болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау үдерісінің сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ғылыми-тәжірибелік негіздеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Егер болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту үдерісі жаңа оқу-әдістемелік қамтамасыз ету моделіне бағдарланатын

болса, онда сапа айтарлықтай артады, өйткені модель тек құралдар мен технологиялардың тиімді жиынтығын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар жоғары оқу орны оқытушысының ОӘҚЕ-ді дидактикалық жобалаудың кезеңдерін бөлуді, студенттің кәсіби қызметінің субъектісі ретінде қалыптасуына бағдарланатын педагогикалық мониторингісін ұйымдастыруды қарастырады.

Қойылған мақсат пен болжамға сәйкес **зерттеу міндеттері** анықталды:

1) «оқу сапасы», «оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» ұғымдарына анықтамалар беру;

2) болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырларын негіздеу;

3) болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тұжырымдамалық мәнін ашу;

4) болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделін құру және өлшемдер кешенін негіздеу;

5) болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу және жоғары оқу орнында оқу-әдістемелік жұмысты оңтайландыруды қамтамасыз ету мен жалпы білім үдерісінің сапасын арттыру үшін ұсыныстар дайындау.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Қазіргі әлемдегі жалпы және кәсіби білімнің рөлі, оның тұлғаның қалыптасуына әсері туралы философиялық және психологиялық-педагогикалық идеялар

(Б.С. Гершунский, М.С. Каган, М.К. Мамардашвили, Н.Д. Никандров және т.б.); білім беру жүйесінің даму жолдарын жобалау мен болжауда жүйелік тәсілдемені қолдану ерекшеліктерін айқындау (В.Г. Афанасьев,

Э.Д. Днепров, Е.С. Заир-Бек және т.б.); білім мазмұны және әлеуметтік-педагогикалық дайындық саласындағы шетелдік ғалымдардың зерттеулері (М.А. Галагузова Л.В. Мардахаев, А.В. Мудрик, В.А. Сластенин, И.Я. Лернер, О.А. Абдуллина, В.В. Краевский, В.С. Леднев және т.б.); кәсіби даярлау теориясы (Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева және т.б.), көп деңгейлі университеттік білім концепциялары; жоғары мектепте оқыту үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмыстар (Н.А. Асанов, Г.С. Минажева және т.б.) зерттеулерінде талданды.

Зерттеу дереккөздері: әлеуметтік-педагогикалық білім саласындағы психологтардың, оқытушылардың, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері; білім саласындағы заңнамалық құжаттар, жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, университеттердің оқу жоспарлары мен бағдарламалары, ғылыми және әдістемелік әдебиеттер.

Зерттеу базасы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Эрзинджандық Бинали Йылдырым университеті «Білім беру» факультеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті.

Зерттеу әдістері. Қойылған міндеттерді шешу үшін бірін-бірі толықтырушы әдістер жиынтығы қолданылды: жоғары педагогикалық білім беру саласындағы жұмыстарды талдау; жоғары оқу орнындағы білім

үдерісінің оқу-әдістемелік жабдықталуын бақылау; конструктивті моделдеу; сауалнама жүргізу; университет оқытушылары мен студенттерінің кәсіби қызметінің өнімдерін талдау;

Білім беру саласындағы құжаттар мен заңнамаларды, білім беруді дамыту бағдарламалары мен стратегияларды зерттеу, талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, үлгілеу, инновациялық үдеріс ретінде оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жобалау; сараптамалық бағалау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- университеттік білім беру жүйесіндегі өзгерістерге, оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің шетелдік және отандық тәжірибесіне, педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі зерттеулерге сүйене отырып, «оқу сапасы», «оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» ұғымдары нақтыланды.
- Болашақ әлеуметтік педагогтардың оқу мазмұнын жобалауға мүмкіндік беретін жүйелік, мәдени, тұлғаға-бағдарлық, ақпараттық, квалиметриялық көзқарас сипатталып, сонымен қатар зерттеу тақырыбына қатысты оларды болжамдаудың әдістемелік қағидалары ашылды;
- болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тұжырымдамалық негізі ретінде мұғалімнің дидактикалық жобалаудағы қызметі және оқушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескеруге бағытталған педагогикалық мониторингті ұйымдастыру негізделді;
- болашақ әлеуметтік педагогтардың оқу сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің бағалау өлшемдері ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің **практикалық маңыздылығы** жоғары оқу орнында әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тиімділігін бағалау өлшемдерін даярлау; жоғары оқу орнында оқу-әдістемелік жұмыстарды оңтайландыру және жалпы білім үдерісінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар беру, зерттеу барысында даярланған «Бейіндеуші блоктың пәндерін толық меңгердім деп ойлайсыз ба?», «Оқу үрдісі студенттің көзімен», «Мамандықты ұғыну: білім беру сапасын бағалау» сауалнамаларын білім алушылар үшін оқу үдерісінде пайдалануға болады.

Ғылыми нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі:

Ғылыми тұжырымдардың негізділігімен және қарастырылып отырған мәселенің теориялық жағдайдың дәйектілігімен; оның нысанына, пәніне, мақсаттары мен міндеттерін шешуде зерттеу әдістерінің кешенін қолдана алуымен; диссертанттың әлеуметтік педагогтарды даярлайтын кафедралармен бірлескен жұмысымен; болжамның расталғандығымен; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мазмұнының негізділігімен, айқындылығымен қамтамасыз етіледі.

Қойылған міндеттерді шешу барысында алынған зерттеудің негізгі нәтижелері **бойынша қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

– болашақ әлеуметтік педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатумен байланысты білім берудің жаңаша жүйесіндегі оқу-әдістемелік қолдаудың мәнін өзгерту, білім беру бағдарламаларының

өзектілігі, білім беру процесінің студенттермен субъективтілігі мен рефлексиялық дамуына бағытталғандығы, мұғалімдердің дидактикалық жобалау іс-әрекетін арттыру кешен ретінде оқу-әдістемелік қолдаудың мәнін жаңа түсінуді талап етеді, тиімді шеберлікке бағытталған ақпараттар студенттердің кәсіби білімдері мен дағдыларын арттыру; **«оқу сапасы»** профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейіне, оқу-әдістемелік процестің, материалдық-техникалық базаның жағдайына, білім беру ұйымының оқу процесінің объектісі ретінде оқушылардың зияткерлік әлеуетіне байланысты оқу процесінің тікелей нәтижесі ретінде қарастырдық; мұғалімдердің дидактикалық жобалау іс-әрекетін жандандыру оқушылардың кәсіби білімі мен машықтарын тиімді игеруге бағытталған ақпараттық материалдар жиынтығы ретінде **«оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің»** мәнін жаңа түсінуді талап етеді;

– «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының білім беру бағдарламасының даму логикасы және университетте әлеуметтік-педагогикалық пәндерді оқу үдерісінде оқытушы мен студенттің жетістікке бағдарлану қажеттілігі оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің жаңа үлгісін негіздейді және оны үлгілеу барысында әлеуметтік педагогтарды оқытудың күтілетін нәтижелерін болжамдауда бағдар беретін жүйелілік, мәдени, тұлғаға-бағдарлық, ақпараттық және квалиметриялық тұғырлар жиынтығының әлеуетін пайдаланады;

– Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тиімділігі және оның болашақ әлеуметтік педагогтардың білім сапасына әсері әдістемелік қызметте көрсетілген оқыту нәтижелілігінің өсуін, студенттің жеке және кәсіби қалыптасу процесінде жетістіктерінің өсуін ескеруге негізделген. Демек, ОӘҚЕ оқу материалдарының дидактикалық дизайны және қолдау процесінің педагогикалық мониторингісі болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жобалаудың тұжырымдамалық негізі болып табылады.

- Болашақ әлеуметтік педагогтардың білім беру сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің құрылымдық-негізделген моделі мақсатты, теориялық - әдістемелік, құрылымдық - ұйымдастырушылық, мазмұнды - процедуралық, әдістемелік - рефлексиялық, тиімді блоктардан тұруы керек. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру оқу, кәсіптік және тәуелсіз студенттік іс-әрекетті ұйымдастыру мақсатында оқытушы дайындаған оқу материалдары мен оларды қолданудың технологияларын қарастырады.

- Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасын бағалау келесі өлшемдерді қамтиды: **оқу-әдістемелік құжаттаманы талдау деңгейінде** - мақсаттың мазмұнына сәйкестігі, мақсаттың ашылуының толықтығы, оның өзектілігі; мазмұны мен құрылымының мемлекеттік білім стандартына сәйкестігі; құрылым мен процестердің бірлігі; құзыреттілікті қалыптастыру; пән мазмұнының дәлдігі мен толықтығы; **оқу-әдістемелік құралдарды талдау деңгейінде** - заманауи, инновациялық, мұқият таңдалған технологияларды, оқу процесінің нысандары мен әдістерін қолдану; студенттердің өзіндік жұмысын, өзін-өзі бағалауды, сонымен қатар рефлексияның болуын

ескеретін бағалаудың объективті құралдары мен технологияларын таңдау; қазіргі заманғы оқу-әдістемелік құралдарды қолдану; оқу процесін заманауи, қол жетімді, тиімді оқу құралдарымен жабдықтау;

Болашақ әлеуметтік педагогтардың білім сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін: оқу барысында құрастырылған: «Негізгі пәндер бойынша бағалау парағы», «Жұмыс бағдарламаларын (сызбаларын) талдау схемасы», мұғалімдерге арналған сауалнамалар мен студенттерге арналған сауалнамалар: «Сіз негізгі бөлімнің пәндерін толығымен игердіңіз бе?», «Оқу процесі студенттердің көзімен», «Мамандықты түсіну: білім беру сапасын бағалау»; келесі курсты оқығаннан кейін шығарылған білім деңгейін растайтын (талап етілетін) білім мен бағалау нәтижелерін бағалау үшін түсу тесттерін немесе жедел сауалнамаларды әзірлеу; оқу материалдарын жобалау үшін дидактикалық негізде профессор-оқытушылар құрамының үздіксіз кәсіби дамуы; тест тапсырмаларын жобалауға арналған ақпараттық-интерактивті әдістемелік нұсқаулық дайындау, Университеттің оқытушылар парағында оқу жоспарларын құру, кафедрада мамандандырылған пәндер бойынша іскерлік ойындар, кейстер, шеберлік сабақтарына әдістемелік қолдауды дамыту және оқу үдерісінде видео дәрістерді қолдану тәжірибесін кеңейту.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу: Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері алдын-ала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды және Әл-Фараби, ТарМПИ педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасы, ҚазҰУ педагогика және білім менеджменті кафедрасының отырыстарында бекітілді.

Оның ішінде 1 мақала Scopus мәліметтер базасына енгізілген. 4 ғылыми мақала «XIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларының материалдар жинағына енген (Германия, Шеффилд, 2017); «Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік рухының қалыптасуы жағдайында ғылым-зерттеушілік және білім беру жүйесі арқылы дамуды қарастырылған» (Алматы, 2017); «Санкциялардағы әлемдік тәртіп контекстіндегі ғылым мен практика» (Санкт-Петербург, 2018); 1- халықаралық әділеттілік конгресі (Түркия, Ризе, 2019), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған журналдарда жарияланған 3 мақала: - «Қазақстанның ғылымы және өмірі» (Алматы, 2017), «Қазақстан педагогикалық ғылымдары академиясының жаршысы» (Алматы, 2018); «ҚазҰУ хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы (Алматы, 2019).

Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық зерттеуде кесте (25) және түрлі графиктер (18) түрінде иллюстрациялар қамтылған.